

## Х А Т Т А М А

Арал қаласы

26 ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистральдық су құбыры мен таратушы желілер арқылы су жеткізіп беру қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2020 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.  
**Тыңдаудың төрағасы:** «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Қ. Жанжігітов

### Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж.Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
3. А. Абдиханов – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
4. К.Маханова - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің басшысы.
5. Ә. Өтеғұлов «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
6. Т. Саянов - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. А. Орынбасаров – Арал қаласы Досжанов көшесінің тұрғыны
8. Ғ. Ералиев - Арал қаласы Ақтөбе көшесінің тұрғыны
9. Ұ. Махаталиев Арал қаласы Ә. Сатаев көшесінің тұрғыны
10. Ө. Бүркітбаев Арал қаласы К. Өтенев көшесінің тұрғыны
11. А. Жайсаңбаева Арал қаласы М. Үмбет би көшесінің тұрғыны
12. М. Бегалиев Арал қаласы М. Өтемісұлы көшесінің тұрғыны
13. М. Жадырасынов Арал қаласы Балапанов көшесінің тұрғыны
14. Д. Амангелдиев Арал қаласы К. Омаров көшесінің тұрғыны
15. Ж. Мұханов Арал қаласы Королева көшесінің тұрғыны
16. Ғ. Қилашев Арал қаласы Жандосов көшесінің тұрғыны
17. Е. Мадияров Арал қаласы Әйтеке би көшесінің тұрғыны
18. Б. Бекжанов Арал қаласы Ы. Алтынсарин көшесінің тұрғыны
19. С. Серіков Арал қаласы Бақтыбай батыр көшесінің тұрғыны

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де

мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалы су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы – Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы И. Қапаров күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2020 жылғы Арал ауданы тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады “Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде 41 насос стансасы, 38 дана су ұңғымасы, 1 645,27 км су құбыры желілері, оның ішінде 728,12 шақырым магистральды су құбырлары және 917,15 ішкі су тарату желісі, магистральды су құбырлары бойында 1 590 дана бақылау құдықтары және ішкі су тарату желілері бойында 4 405 дана бақылау құдықтары арқылы Арал ауданының 42 және Қазалы ауданының 23 елді мекендерінің 130 мыңнан астам тұрғындарын, 500-ге жуық шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерді ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

Өндірістік бөлімшеде 281 жұмысшы-қызметкер, 31 дана техника жұмылдырылған.

2020 жыл көлемінде Қосаман бас су тоғанынан **3 872,2** мың текше метр ауыз су өндіріліп, Арал және Қазалы аудандарына **3 212** мың текше метр ауыз су таратылды. Оның ішінде Арал ауданына **1 651,9** мың текше метр ауыз су тұтынушыларға таратылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 10 наурыздағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде 1 текше метр ауыз суды магистралдық құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне **ҚҚС-сыз 469,17 теңге, ҚҚС-мен 525,47 теңге** мөлшерінде тариф қолданысқа енгізілді.

Су есептегіші бар тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден, есептегіші жоқ тұрғындар 40 теңгеден ақша төледі. Бекітілген тарифпен екі арадағы айырмасы Республикалық бюджеттен субсидия есебінде төленеді.

2020 жыл бойынша 728,12 км магистральды су құбырлары бойында 84 ақау магистральды су құбыры желілерінде орын алып қайта қалпына келтірілді. Сонымен қатар 917,15 км ішкі су құбырлары желілерінде орын алған 271 ақау қайта қалпына келтірілді.

Бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Бекітілген кестеге сәйкес Арал қаласы, Жақсықылыш кенті, Сексеуіл кенті, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында

орналасқан көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар жүйелі түрде барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

2020 жылы 1652 дана су есептегіш құрылғылары жаңадан ауыстырылды. Атап айтқанда:

- жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 685 дана,
- заңды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 42 дана,
- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату - 881 дана.
- Заңды тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату – 44 дана

**Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.**

- Жиі орын алып отырған Сексеуіл – Арал ескі магистральды су құбыры бойындағы апаттық жағдайларды азайту мақсатында аталған құбырдың су қысымын реттеу үшін ВК15 құдығының жанына жаңадан камера орнатылып, қосымша д300мм задвижка орнатылды.
- Сексеуіл – Арал бағытындағы ескі ТНГ 1000 су құбырының бойынан 7 ақау, оның ішінде 1 ақауды 5 метр ТНГ1000 мм құбырға алмастыру жұмыстары жүргізілді. Қалған 6 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Арал – Аралқұм бағытындағы ТНГ1000 су құбырының бойынан орын алған 2 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Аралқұм- Қамыстыбас аралығындағы ТНГ 800 магистральды су құбырлары бойындағы орын алған 6 ақауды темір листамен қаптап жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Бердікөл насос стансасына өнімділігі жоғары американдық насос және Д400 насос қондырғыларын орнату, щит орнату және кабель тарту жұмыстары жүргізілді.
- Шоқы су I су көтеру стансасындағы №3 ұңғымадағы тозығы жетіп, шіріп жарамсыз болған д50мм темір құбырларын д63мм 45метр полиэтилен құбырларға ауыстыру жұмыстары жүргізілді.
- РЗД83,84 елді мекендеріне үздіксіз су беру мақсатында аталған елді мекендерге су беріп отырған №17 Сексеуіл су тарату насос стансасына жалғанған тозығы жеткен шойын құбырларды ажыратып, №18 ескі насос стансасы арқылы жаңадан д219мм 3метр темір құбыр жалғап, жаңа насос стансасымен су беру жұмыстары жүргізілді.

**Ауыз судың сапасы бойынша атқарылған жұмыстар:**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігінің 16.03.2015 жылғы №209 қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық –ауыз сумен жабдықтауға суды мәдени-тұрмысының пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бөлімшеге қарасты нысандардан химиялық,бактериологиялық сынамалар алынды. Ауыз судың сапасы ҚР МемСТР-2874-82 стандартына сәйкес келеді.

Жоспарлы түрде көктем-күз айларында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық магистралды және ішкі су тарату желілеріне, су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

#### **Инвестициялық бағдарлама бойынша**

- 1) Арал- Сарыбұлақ топтық су құбырының бас тоған ұңғымаларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.
- 2) Арал ауданы Қарашалаң елді мекенінің сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.
- 3) №6 Пионер лагерь 1а су көтеру насос станциясына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізілді.

Алдағы уақытта бөлімше тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жоспарлаған жұмыстарын жалғасытыра беретіндігін және жұмысшы – қызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етіліп, еңбек ақылары уақытылы берілетіндігін жеткізді.

Ауыз су тұтынушылар атынан Арал қаласы М. Өтемісұлы көшесінің тұрғыны М. Бегалиев жыл көлемінде ауыз-сумен үздіксіз қамтамасыз ету барысында атқарылған жұмыстарына оң бағасын беріп, бөлімше қызметкерлеріне алғысын берді.

#### **Қорытынды:**

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты – сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**

**Хатшысы:**

  
К. Жанжігітов

У. Төлегенов

## ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

«26» ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың қорытынды бойыншасуды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** К. Жанжигитов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ә.Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
  2. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы-Ж.Балмағанбетов
  3. Б.Абибуллаев – Қазалы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы
  4. А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
  5. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы.
  6. Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
  7. Е.Мұхаш – «ҚЭТТК» АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының бастығы.
  8. Н.Аймағамбет - Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі бастығының орынбасары.
  9. Хатшы - Ж. Әбдібай - Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
- Тұрғындар: Шоқай көшесі № 218 үйдің тұрғыны Искаков Темирлан, Шоқай көшесі № 1 үйдің тұрғыны Жалғасбай Дасқал, Счастнов көшесі № 37 үйдің тұрғыны Кулмаханова Гулнара, Қазалы қаласы Қазалы көшесі № 25 үйдің тұрғыны Дастенова Динара, Басықара елді мекенінің тұрғыны Айекешова Рая және тағы басқалар.

### **Күн тәртібі:**

1. Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар

және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2020 жылы атқарылған жұмыстары туралы жылдық есебі. (Баяндамашы – Ә.Ахмет – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тындаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов есепті тындауды ашты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ә.Ахмет бөлімшенің 2020 жылы атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

“Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінде 187 қызметкер, 17 дана техника, 23 насос стансасы, 2 дана су қыспақты мұнарасы, 249,47 шақырым магистралды су құбырлары, 716,93 шақырым ішкі су тарату жүйелері мен 65 дана қоғамдық колонкалар арқылы ауданның 23 елді мекені бойынша 14441 үйде тұратын 61 мыңға жуық адамға, 102 бюджеттік және 361 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

2020 жылдың жоспары бойынша таратылатын ауыз судың көлемі 1 393 142 текше метр болса, нақты 1 560 мың текше метр таратылды. Оның ішінде: тұрғындарға таратылғаны 1 416,4 мың текше метр, мекемелерге 143,7 текше метр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 10 наурыздағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде 1 текше метр ауыз суды магистралдық құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне **ҚКС-сыз 469,17 теңге, ҚКС-мен 525,47 теңге** мөлшерінде тариф қолданысқа енгізілді.

Халықты қолжетімді ауыз сумен қамсыздандырудың әлеуметтік маңыздылығын ескеріп, жеткізілген көлемде ауыз суды пайдаланып отырған бюджеттік және өзге де мекемелер, жеке кәсіпкерлерді қоспағанда, тұрғындардан су есептегіш құралымен текше метрі 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз текше метрі 40 теңгемен жеңілдетілген тарифпен төлем жиналып, қалған тариф айырмасы бюджет есебінен субсидия түрінде төленді.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын “Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесінен Әйтеке би кентіндегі №1 су көтеру бекетіндегі жалпы сиымдылығы 21750 текше метрлік су қоймаларына тәулігіне жазғы маусымда 10000 текше метр, қысқы маусымда 4000 текше метрге дейін ауыз су қабылданып кент, қала және ауылдық елді мекендерге таратылды. Сервистік су жүйесі жүргізіліп, үйлеріне су есептегіш құралдары орнатылған Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және ауылдық елді мекендер бойынша үздіксіз тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Ал сервистік су құбыры жүргізілмеген Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл ауылы тұрғындарына жан басына белгіленген норматив бойынша қоғамдық колонкалар арқылы ауыз су таратылды. Жыл соңында «Ауыл- Ел бесігі» бағдарламасы аясында Бекарыстан би ауылында 416 үйге сервистік су құбырлары жүргізіліп, «Тәуелсіздік күні» мерекесі қарсаңында

пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта аталған ауыл тұрғындары 24 сағат бойы ауыз сумен қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар Майдакөл, Жанқожа батыр ауылдарында сервистік су құбырын жүргізу жұмыстары басталып, биылғы 2021 жылы аяқталады деп күтілуде.

Магистралды және ішкі су тарату желісі бойында анықталған барлық 216 ақау жөнделіп, қалпына келтірілді. Қалпына келтіру жұмыстарына түрлі диаметрдегі компрессионды муфталар мен электромуфта материалдары пайдаланылды. Ақаулардың негізгі себептері қысымға шыдамаған полиэтилен құбырлардың дәнекерленген жерінен (стык) ажырап кетуі, көру құдығының ішіндегі темір фасон бөліктері мен сервистік винтелдердің тозығы жетіп шіруінен болып отыр.

Бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына шикізат-материалдар жұмсалып, бекітілген кестеге сәйкес кент, қала, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 2000-нан аса дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

Жоспарлы түрде көктем-күз айларында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық магистралды және ішкі су тарату желілеріне, су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Бөлімше бойынша су құбыры бар тұтынушылардың барлығына су есептегіш құралы орнатылған. 2020 жылы су есептегіш құралын орнату, уақыты келген су есептегіш құралдарын ауыстыру, сервистік су құбырын жүргізу, үйішілік су құбырына техникалық қызмет көрсету, тағы да басқа түрлері бойынша жұмыстары атқарылды.

Бөлімшеде проблемалық мәселелердің бірі Әйтеке би кенті және Қазалы қаласы, ауылдық елді мекендердің көшелерінде автокөлік жолдарына қиыршық тас (гравий) және асфальт төсеу жұмыстары кезінде ішкі су құбыры бойындағы көру құдықтарының жиі көміліп қалуы болып отыр. Көшелердегі гравий, асфальт астында көміліп қалған көру құдықтарының бетін ашып, шойын люктерін жол деңгейіне дейін көтеріп беру жөнінде аудан, кент әкімдіктеріне және аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне бірнеше рет хаттар жолданды. Осы мәселеге байланысты тиісті құзырлы орындар көру құдықтарының шойын люктерін жол деңгейіне көтеру жұмыстарына қаржы қаралмағандығын алға тартып, келесі кезекте ескерілетіндігін мәлімдеп отыр.

Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жалғаса береді-деп баяндамасын аяқтады

## Шығып сөйлегендер:

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы:

- Мен осы бөлімшенің жыл сайынғы есепті тыңдауына қатысып келемін. Өндірістік бөлімшенің 2020 жылы халық игілігі үшін атқарған біраз жұмыстарымен таныстым. Осы жұмыстарды атқарған бөлімше ұжымына ризашылығымды білдіріп, қызметтеріне сәттілік тілеймін.

Е.Мұхаш – «ҚЭТТК» АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы:

- Ауыз су тұтынушылардың талғамынан шығу оңай шаруа емес. Жұмыстарыңыздан он нәтиже көріп отырмын. Алдағы уақытта да осындай жұмыстарды атқара беретіндіктеріңізге сенім білдіремін.

А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры:

–Коммуналдық қызмет көрсету саласында ауыз су тарату қызметінің маңызы ерекше. Ауызбіршілігі жарасқан бөлімше қызметкерлері тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етуде талмай еңбек етіп келеді. Үйімізден ауыз суды тұрақты пайдаланып келеміз. Оған аудан халқы дән-риза. Сонымен қатар ауылдық жерлерде сервистік су желілерімен қамтамасыз ету жобалары толық іске асқан жағдайда, ауданымызда ауыз су мәселесі түбегейлі шешілетіндігіне көзіміз жетіп отыр. Есепті жылы атқарған жұмыстарыңызға жақсы деген баға беремін.


Тұрғындар атынан сөз алған Шоқай көшесі № 218 үйдің тұрғыны Исаков Темирлан, Шоқай көшесі №1 үйдің тұрғыны Жалғасбай Дасқал, Счастнов көшесі № 37 үйдің тұрғыны Кулмаханова Гулнара, Қазалы қаласы, Қазалы көшесі №25 -үйдің тұрғыны Дастенова Динара, Басықара елді мекенінің тұрғыны Айкешова Рая ауыз су тарату қызметіне өздерінің ризашылықтарын білдіріп, 2020 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына сәттілік тіледі.

## Қорытынды:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2020 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты сағат 15<sup>00</sup>ден-17<sup>00</sup>-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Қ. Жанжігітов

Хатшы:



Ж. Әбдібай



## ХАТТАМА

Қармақшы ауданы

22 ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов

### **Есепті тыңдауға қатысқандар:**

1. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы Ж. Балмағамбетов
2. «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық- жоспарлау бөлімінің басшысы Ж. Сейпенбетова
3. Өндірістік бөлім басшысы С.Медеуов
4. Өндірістік бөлім басшысының орынбасары С.Қабақов
5. Өндірістік бөлімше инженер-технологы Н.Мамырбаев
6. Өндірістік бөлімше аға шеберлері Ж.Кирбаев, Б.Абишев
7. Өндірістік бөлімшенің іс жүргізушісі – С.Қазбек
8. Тұтынушылар және көше комитеттері.

**Жиналыс төрағасы Қ. Жанжігітов:** «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылы атқарылған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімше басшысы Медеуов Сақтапбергенге беріледі.

**Өндірістік бөлімше басшысы С.Медеуов:** «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде, қазіргі таңда 94 қызметкер жұмыс жасайды, 10 дана техника, III- Интернационал елді мекенінде 5 ұңғыма, Жосалы кентінде авариялық жағдайға резервті Сарыөзекте 2 ұңғыма, 9 насос станция, Жосалы кенті және 4 елді мекен бойынша 4665 жеке тұлғаға, 42 бюджеттік және 109

шаруашылық қызмет жүргізетін өзге мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

III- Интернационал елді мекенінде орналасқан 5 ұңғымадан су өндіріліп, III- Интернационал елді мекенінде 470 абонент, Дүр Оңғар елді мекенінде 402 абонент, Иіркөл елді мекенінде 119 абонент, Төребай би елді мекенінде 88 абонент және аудан орталығы Жосалы кентінде 3586 абонентке тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін атқарады.

2020 жылы өндірістік бөлімшенің 5 ұңғымасынан өндірілген су көлемі – 738 179 м<sup>3</sup>, таратылған ауыз су көлемі – 612 262 м<sup>3</sup> құрады.

Өндірістік бөлімше бойынша тұтынушыларды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында алдын ала жоспарлы жөндеу жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырды. 2020 жылы өндірістік бөлімшенің магистралды және ішкі су жүйесі бойында 237 авариялық жағдай орын алды. Авариялық жағдайлар дер кезінде қалпына келтіріліп отырды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша алдын- ала жоспарлы жөндеу және авариялық жағдайларды қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалған шикізат материалдардың қаражаты – 1 391 145 теңгені құрады. Тұрғындардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайынғы №10 өрт сөндіру бөлімінің ішкі су жүйесі бойында орналасқан көру құдық ішіндегі өрт гидранттарын тексеру нәтижесінде жарамсыз болып табылған 7 дана өрт гидрантын алдын- ала жөндеу жұмыстары бойынша ауыстырылды.

Өндірістік бөлімше бойынша 2020 жылы жұмсалған электр тауарлардың қаражаты – 366 928 теңгені құрады. Өндірістік бөлімше бойынша пайдаланылған электр энергия көлемі – 1 523 317 кВт, қаражат көлемі – 26 926 940,19 теңге. Барлық насос станциялардың машинный залдары термометрмен қамтамасыз етілген және ауа райына байланысты пештерді қосу, ажырату жұмыстары атқарылуда. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету үшін жыл сайын «Ұлттық сараптама орталығы» РМҚ Қармақшы аудандық бөлімшесімен келісім шарт жасалып, ауыз су сапасына өндірістік бақылау жүйелі түрде жүргізілуде.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық насос станциялармен өндірістік база ауласын көркейту- көгалдандыру жұмыстары күн тәртібінен түскен емес. Тал, гүл және жоңышқа егу жұмыстары жылдан жылға атқарылып келеді.


Қорытындылай келе, судың сұрауы бар дегендей 1 текше метр судың құны 30 теңгені құрайды. Суды ысырап қылмай тек қажетімізге пайдалануға шақырамыз.

**Жосалы кент тұрғыны, ардагер И.Бисенов:** Сіздерге айтар алғысым бар. Су тіршілік көзі-сусыз өмір жоқ. Сіздің бөлімше қызметкерлеріне алғысым зор.

**Жиналыс төрағасы Қ. Жанжігітов:** «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының 2020 жылы атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды, жиналысқа жиналған қауым атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>ден-12<sup>00</sup>-ге дейін.

**Жиналыс төрағасы :**



**Қ. Жанжігітов**


**Экономикалық-жоспарлау**



**Ж. Сейтпенбетова**

**бөлімінің басшысы:**

**Хатшы:**



**С. Қазбек**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2020 жылдың қорытынды есепті тындауы.

**Тындаудың төрағасы :** Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

**Есепті тындауға қатысушылар:**

1. Ғ.Шерниязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысы.
2. Ж.Балмағанбетов – ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж.Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы.
4. С.Сейдуалиев – кент әкімінің м.у.а.
5. Қ.Сапарбеков - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
6. Н.Ақбергенов - Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Хатшы- М.Қалтай инженер-технолог.

Тұрғындар: Шонабаев көшесі тұрғыны А. Сүгірбаев ,Түйменұлы көшесінің тұрғыны О. Оспанов, Аралбаев көшесінің тұрғындары Айтулова Б, Асланов И, Жанпейсов көшесінің тұрғыны Сейдазимова З. Қорғантоғай көшесінің тұрғындары Палманов Е, Турганбаев С, Алтынсарин көшесінің тұрғыны Бейсенов Ф, Нарымбетов көшесінің тұрғындары Дүйсенбаев Е, Орынбасаров Б. Сүттіқұдық е/м тұрғыны М.Абилдаев.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1.Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2020 жылғы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

( Баяндамашы – Ғ.Шерниязов - бөлімше басшысы.)

«Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінде **11**-насос станциясы, **10** дана техника, **8** дана су мұнарасы, **59,85** шақырым магистралды су құбырлары, **350 216** шақырым ішкі су тарату құбырлары қанағаттанарлық жағдайда жұмыс жасауда. 2020 жылы Жиделі топтық су құбыры пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі бойынша таратылған ауыз судың көлемі **617 658** текше метр. Бөлімше Жаңақорған кенті және 7 елді мекен бойынша **4 541** үйде тұратын **20 548** адамға, **46** бюджеттік және **64** заңды мекемелерге **84** жұмысшы қызметкер ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

**2020** жылы алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар: Төменарық-1 елді мекеніндегі №5 насос станция ғимаратының төбе жабыны толықтай ауыстырылды. Екпінді елді мекеніндегі №10 насос станциясындағы көлемі 50 м<sup>3</sup> болатын су мұнарасының төменгі бөлігі және астыңғы ұлтаны шіріп тесілуіне байланысты листпен қаптау жұмыстары жүргізілді. Жанақорған кенті Алтынсарин мөлтек ауданындағы 14 дана көп қабатты тұрғын үй ауласына су ағар калонка орнатылды. Алтынсарин көшесінің шеткі бөлігіне су шығару мақсатында Ғафур Мухамеджанов және Алтынсарин көшелері арасын д-160мм ПЭ су құбырымен қосу жұмыстары жүргізілді. Барлық насос станциялары бойынша ашып-жаппа арматураларына өрт гидранттарына ревизия жұмыстары жүргізілді. Насос станциялардың сыртқы ішкі қабырғаларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп сыртқы темір есіктерін және өрт қалқандары сырлау жұмыстары жүргізілді. Кент ішілік су жүйесінде жүргізілген сервис су құбырларының құрылысы бойынша қазіргі таңда жұмыс аяқталып тұрған көшелер: Қорасан ата, Алдамжар, Қожанов, Жаппаров, Құрманғазы, Амангелді Иманов, Қорғантоғай, Түйменұлы, Махамбет, Бидаш көшелері. Одан бөлек 350 абонентке өз есебінен су кіргізу жұмыстары жүргізілді. Сервис су құбырларын жүргізу жұмыстарының баяулауына байланысты Манап Көкенов, Қорған, Сапарбеков және Нахипов көшелеріндегі ескі шойын құбырларын су жүйесінен ажырата алмай отырмыз.

2020 жылы өндірістік бөлімше бойынша апаттық жағдайдың саны – **271**, оның ішінде **211** кент ішілік су жүйесінде, **49** елді мекендерде, **11** магистралды су жүйесінде орын алған. Апаттық жағдайлардың орын алу себебі: ПЭ су құбырларының жалғанған жерлерінің ажырауы; ескі шойын су құбырларының шіруі; Сунақата, Қожамберді, Сүттіқұдық, Төменарық елді мекендеріндегі ішкі су жүйесіндегі ПВХ су құбырларындағы чиканкіленген жерлерінің жарамсыздануы; ескі су жүйесіне қосылған жеке желілердің тозуы себебінен орын алуда.

**1.** Жалпы өндірістік бөлімше бойынша жылына екі мәрте су жүйесін және су сақтау қоймаларын жоспарлы жуу-шаю жұмыстары жүргізіледі. Одан бөлек аудандық ұлттық сараптама орталығымен жүргізілген келісім шарт негізінде ай сайын су сынамалары алынып тексеріліп отырады. Тексеріс барысында бактералогиялық анализден мемлекеттік стандартқа сай келмеу анықталған жағдайда арнайы комиссия құрылып жоспардан тыс дезинфекциялау жұмыстары жүргізіліп су сынамасы қайта алынады. Алайда осы күнге дейін ондай жағдайлар орын алған жоқ.

**2.** Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында барлық елді мекендерге су мұнарасы арқылы беру және кент орталығымен елді мекендердегі ескі шойын су құбырларын ажырату жұмыстары атқарылуда. Атап айтқанда кент орталығындағы Сапарбеков, Қожанов, Пахрдинов, Құрманғазы, Жаппаров және Қорасан ата көшелеріндегі ескі шойын құбырлар жабылды.

**3.** Өндірістік бөлімше бойынша барлық насос станцияларындағы ішкі және сыртқы жарық шамдарын күтіп баптау, жарамсыз материалдарын ауыстыру шаралары алдын ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес уақытылы жүргізілуде. Қожамберді, Сүттіқұдық, Екпінді елді мекендердегі насос станцияларына жаңадан 15 кВт электр қозғалтқыштары орнатылды. Екпінді елді мекеніндегі жаңадан іске қосылған ұңғымаға басқару жәшігімен 10 кВт болатын

ЭЦВ 6-10-110 насосы орнатылып, ішкі және сыртқы жарық шамдарымен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда электр энергиясын үнемдеу мақсатында №1 насос станциясындағы 3 дана электр қозғалтқышына АВВ частотный преобразователь қорғағыштарымен қамтылды. Кент орталығындағы №1 №2 насос станцияларындағы жартылай және №8, №9, №11 насос станцияларындағы толықтай сыртқы шамдары светодиодты шамдармен қамтамасыз етілді. Алдағы уақытта барлық насос станциялары және әкімшілік ғимаратының сыртқы жарық шамдарын 100 Вт светодиодты шамдар және барлық насос станциясындағы электр қозғалтқыштарына АВВ частотный преобразователь қорғағыштарымен қамтамасыз етуді қажет етеді.

Қорыта келе өндірістік бөлімше бойынша 2020 жылы атқарылғын және алдығы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

*Сөз алғандар:*

- Шонабаев көшесі тұрғыны А. Сүгірбаев. Кент ішілік су жүйелерінде жүріп жатқан сервистік су құбырлары құрылысы жұмыстары қашан аяқталатыны жайлы сұрады.

- Ғ.Шерниязов – Қазіргі таңда Қорасан ата, Алдамжар, Қожанов, Жаппаров, Құрманғазы, Амангелді Иманов, Қорғантоғай, Түйменұлы, Махамбет, Бидаш көшелері бойынша жұмыстар толық аяқталған. Қалған көшелерді алдағы уақытта аяқтау жұмыстары жүргізіле береді.

- Түйменұлы көшесі №69 О. Оспанов. Кент ішіндегі ескі шойын су құбырларын уақытылы жабу және орын алған апаттық жағдайларды дер кезінде қалпына келтіруді, санымен қатар қолданыстағы су құбырының хлорлау жұмысын күшейту жайлы айтты

Қ.Сапарбеков – «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде сервистік жұмыстарды аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тікелей өз қадағалауына алатынын айта кетті. Өндірістік бөлімшенің 2020 жылы атқарылған жұмыстарына оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістіктік барлығы елбасы арқасы екенін, барлық бағларламалар кезең-кезеңмен орындалуда деп сөзін аяқтады.

**Қорытынды:**

«Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің 2020 жылғы атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>нан-17<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы**

**Хатшы:**



**Қ.Жанжігітов**

**М.Қалтай**

**«Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік  
бөлімшесінің Х А Т Т А М А С Ы**

**Шиелі кенті**

**23 ақпан 2021 жыл**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2020 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

**Баяндамашы:** А. Сарсембаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

**Тыңдаудың төрағасы:** Қ. Жанжігітов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

**Хатшысы:** Г. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

**Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

2. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.

3. Т. Жағыпбаров - Шиелі аудандық мәслихат хатшысы.

4. Б. Баймағанбетов - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.

5. Д. Аман - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы.

6. Ғ. Шалбаев - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшы міндетін атқарушы.

7. Т. Охап - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.

8. Э. Жайсаңбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

9. С. Абдраимов - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.

10. Г. Сырымбетова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлім меңгерушісі.

**Тұрғындар:** Шиелі кентінің тұрғындары- Б. Ерімбетов, Ә. Алпамышев, Т. Рыспанбетова, Н. Ким, Л. Кострякова және елді мекендерден келген ауыл тұрғындары.

## Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (**Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы**).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы- Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2020 жылғы Шиелі ауданының тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Шиелі кенті мен Шиелі ауданының **22** елді мекенінің - **14 842** үйін, Шиелі кенті бойынша - **6 283**, елді мекендер бойынша - **8 177**. Бюджеттік мекемелер саны - **110**, заңды тұлғалар саны - **272**. Оның ішінде - **13 725** тұтынушы су өлшеуіш құралымен, **735** тұтынушы су өлшеуіш құралынсыз. 2020 жылы жаңадан **1671** тұтынушы қосылды.

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде барлығы - **131** «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде - **37** қызметкер жұмыс атқарады.

Аудан бойынша **27** насос станциясы, **23** дана су қыспақты мұнарасы, **148,3 мың** шақырым бас су құбырлары, **363,4 мың** шақырым ішкі су тарату желілері мен **7** дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі - **7** елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Бірлестік, М. Шоқай, 1 Мамыр, Майлытоғай, Тартоғай, Ботабай, Сұлутөбе, Бұланбай бауы бойынша барлық тұтынушылар саны - **6 893** тұтынушы, **1 253** абонент тасымал ауыз су мен көше суағарларына **222** абонент ауыз су тұтынады.

Бөлімшеге қарасты **7** елді мекендердің (Бірлестік, Сұлутөбе, Майлытоғай, Ботабай, Бұланбай бауы) **24 сағат** бойы, ал қалған **2** елді мекені Тартоғай елді мекені - **3 сағат** және 1 Мамыр елді мекені - **8 сағат** су қорының аздығына байланысты уақытпен беріледі. **7** елді мекен бойынша 2020 жылы нақты орындалған, таратылған ауыз су көлемі - **199,4** текше метр нақты пайдаланылған ауыз су көлемі - **175,4** текше метрді құрап отыр.

Ауыз су тұтынушыларды **24 сағат** ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында елді мекендердегі су мұнараларын түнгі мезгілге толтыру арқылы елді мекенге су беріледі.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Сүттіқұдық елді мекеніне қарасты Бас саға арқылы ауыз суды өндіріп, Жаңақорған кенті мен Жаңақорған ауданының **6** елді мекеніне, сонымен қатар Шиелі кенті мен ауданның **22** елді мекендерге су жеткізіп отыр.

Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бекітілген ауыз су жеткізу қызметінің тарифі ҚҚС-мен - **525,47 тенгені** құрайды, алайда тұрғындар



әрбір пайдаланған ауыз суды су өлшегіш құралы мен 1 текше метріне жеңілдетілген тарифпен (**КҚС-мен - 30 теңгеден**) төлем жасалды.

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі өндірген **3 040,9 мың** текше метр ауыз судың **3 033,4 мың** текше метрі тұтынушыларға таратылып, бекітілген нормативтік су шығынын алып тастағанда **1 259,4 мың** текше метр. 2020 жылғы бекітілген жоспар бойынша су көлемі **1 308,4 мың м3**, ал нақты таратылған су көлемі - **1 392,3 мың м3**, яғни жоспарды **106 %** -ға артық.

Оқшау су жүйелері пайдаланатын тұтынушылар саны - **1276**, оның ішінде: **981** тұтынушы су өлшеуіш құралымен, **295** тұтынушы су өлшеуіш құралынсыз. Су есептеу құралын орнату жоспар бойынша **105** дана, орнатылғаны - **28** дана **27%** орындалды. Ауыстыру бойынша жоспар - **75** дана, ауыстырылғаны- **31** дана **41%** пайызға орындалды.

2020 жылы су жүйесінде орын алған **540** апаттық жағдайға **-2 107,3** мың теңге қаражат жұмсалды. Жалпы 2020 жылы **553** апаттық жағдай тіркелген.

Алдын-ала жөндеу жұмыстарына 2020 жылы бөлімше бойынша қаралған - **319** нысанға - **2 010,4** мың теңге қаражат жұмсалды.

Сонымен қатар, Жахаев, Байсын, Қодаманов, Ақмая, Н. Бекежанов елді мекенге насос стансаларының төбесі су жіберуіне байланысты филиалдан бөлінген ағаштарды пайдаланып, өз күшімізбен профнастильмен жабылды.

2020 жылға өзге қызмет түрлері бойынша бекітілген жоспарға сәйкес қаржысы **3 213,1 мың** теңгенің орындалған қаржылай көрсеткіші - **2 257,6 мың** теңгенің жұмыстары атқарылды.

2020 жылдың сәуір айынан бастап карантин болуына байланысты, пандемия әсерінен өзге қызмет түрлері бойынша жұмыс атқару мүмкіншілігі болмады.

Жоспарлы түрде көктемгі сәуір айында, күзгі қыркүйек айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Насос станцияларынан, су қоймаларынан - айына 1 рет, ұңғымалардан - тоқсанына 1 реттен анализдер алынады. 2020 жылы СЭС лабораториясы тарапынан судың сапасы жөнінде ешқандай ескертулер болған жоқ.

2020 жылы бөлімше теңгеріміне 3 елді мекен қосылып, атап айтқанда -Бала би елді мекені абонент саны-**608**, Жөлек елді мекені абонент саны-**273**, Бәйгекүм елді мекені абонент саны-**436** қосылып, толық ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Қодаманов, Бидайкөл, Н. Бекежанов, Байсын, Ы. Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Ә. Тәжібаев, Бәйгекүм елді мекендерінде, яғни 11 ауылда 8 ай бойы «**Байпасный линия**» арқылы су ішуде.

Жаз айларында ауыз су тапшылығы болуына байланысты № 3 су көтеру насос станциясынан Шиелі кентіне баратын d-400 мм су құбырынан алынған Ақмая елді мекеніне баратын d-225 мм ПЭ құбырына, Шиелі кенті, Тоқтаров көшесіне баратын құбыр бойына, № 3 су көтеру насос станциясынан Бидайкөл елді мекені насос станциясындағы су қоймасына баратын d-140 мм ПЭ құбырына 1К-20-30 су тарату (повыситель) қондырғы насостары орнатылып, оң шешімі табылды.

Жаз айларында Бас су сағадан келетін су мөлшерінің жетіспеуіне байланысты Жөлек, Бәйгекүм, Бала би елді мекендерді сумен қамтамасыз ету мақсатында Жөлек елді мекенінде орналасқан № 1 ұңғымасын пайдаланып,

Жөлек Бәйгекүм, Бала би елді мекендеріндегі насос станцияларының су қоймаларына баратын магистральды су құбырына 1К100/65/200 маркалы су тарату (повыситель) қондырғы насосы орнатылып оң шешімі табылды.

Қазіргі таңда 12 айдағы электр қондырғыларына жұмсалған электр тауарларының қаражаты - **1 680,3 мың** теңгені құрап отыр. Бас су саға № 1 көтерме насос станциясына № 1,2,3,4,5,10,11-ші ұңғымаларға СУЗ шкаф қондырғылары орнатылды.

Бидайкөл, Қодаманов, Н. Бекежанов, Байсын, Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Тәжібаев, Бәйгекүм 11 елді мекен 8 ай бойы «байпасный линия» арқылы ауыз су ішеді.

Өндірістік бөлімше теңгеріміндегі автокөліктер мен арнайы техникалардың жағдайы жақсы. 2020 жылы CASE-экскаваторының қозғалтқышы күрделі жөндеуден өткізілді. ГАЗ -3307 автокөлігінің будкасы жөнделуде.

№ 3 су көтеру насос станциясындағы AKSA маркалы дизельді электр станциясының жағдайы жақсы. Байсын, Ы. Жахаев, елді мекендеріндегі дизельді электр станцияларына 6 СТ-190 маркалы аккумулятордан 2 данадан, барлығы - 6 дана қажет. Толық іске қосылуы үшін - 80 литр тосол сұйықтығы қажет.

Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі автокөліктер мен арнайы техникалардың саны - **16 дана**, олардың техникалық жағдайы жақсы, жарамды.

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде автокөліктер мен арнайы техникалардың саны - **5 дана**, олардың техникалық жағдайы жақсы, жарамды. Оның ішінде **УАЗ, ВАЗ, Хюндай Соната** автокөліктерінің қозғалтқыштары күрделі жөнделді.

2020 жылдың қаңтары мен желтоқсаны аралығында әр ай сайын жұмысшы-қызметкерлердің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі, электр және техника қауіпсіздіктерін сақталуы мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды. Барлық насос станцияларында өрт қауіпсіздігі тексеріліп, кемшіліктер жолға қойылды.

«ЖТСК» өндірістік бөлімшесі жұмысшы қызметкерлеріне айына бір рет оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіліп отырды. Жұмысшы-қызметкерлердің мерзімдік медициналық тексеруден уақытылы өтуі үнемі тексеріліп, насос станцияларының гигиеналық тазалықты сақтау, жұмыс орындарының тазалығын сақтау тексеріліп отырады. Кемшіліктерді қалпына келтіруге ауызша ескертулер беріліп орындалуы тексерілді. 2020 жылы - **2 536,8 мың** теңгеге түрлі жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары жұмысшыларға таратылып берілді.

Екпінді елді мекенінің тұсына орнатылған (**повыситель**) күшейткіш насос қондырғысында жұмыс атқаратын машинистерге 2м x 4м **сарай соғуды** қажет етеді.

Мекемеде Шиелі кенті мен елді мекендерді аралайтын **23** бақылаушы - инспекторлар көше аралап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, апаттық жағдай болған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке **4-19-99 байланыс телефоны** арқылы хабарласуға болады.

Мекемеде Шиелі кенті мен елді мекендерді аралайтын **23** бақылаушы - инспекторлар көше аралап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды.

Баяндамамызды қорытындылай келе бір жылда атқарылған істі бір сағатта толық баяндап беру мүмкін емес. Атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өттік.

«Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты», «Судың да сұрауы бар» дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Біздің де Сіздерден өтінеріміз ауыз су төлем ақысын уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймыз.

**Зейін қойып тыңдағандарыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Рахмет!!!**

#### **Шығып сөйлегендер:**

1. «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы- Қ. Жанжігітов «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың қортындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы уақытта ұжымға табыс пен ауызбіршілік тіледі.

2. Б. Ерімбетов - Шиелі кенті тұрғыны. Жыл сайын жаз айларында «Стройучасток» мөлтек ауданында ауыз су қысымы төмен болады, оған қандай шара қарастырылуда?-деген сұрағына өндірістік бөлімше басшысы - А. Сарсембаев су қысымын көтеру үшін аталған «Стройучасток» мөлтек ауданында орналасқан сыйымдылығы -300 м<sup>3</sup> су көтеру мұнарасын қолданысқа пайдалану мақсатында облыстық филиалға ұсыныс берілді, алдағы уақытта он шешімін табады деген ойдамыз деп жауабын берді.

#### **Қорытынды:**

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылы топтық су құбырына қосылған тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. **Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.**

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшысы:

Қ. Жанжігітов

Г. Есжанова

## ХАТТАМА

Қызылорда қаласы

25 ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2020 жылдың жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** Қ.Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

2. Ж.Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.

3. Б.Бегайдаров - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің экономисті.

4. Б.Байтасов –«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

5.Ж.Ағайдаров-«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің ТБ инженері.

6. Г.Баекешова—«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.

7. Хатшы - С.Жылмағанбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қызылорда қаласы ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі.

### **Қатысқандар:**

Тұрғындар: Қызылорда қаласы, Махамбетов ауылының тұрғындары Л.Жарылқапова, Б.Назаров, М.Ақмырзаев. С.Сәулебеков, А.Сүгірбаев, О.Оспанов, М.Әбилдаев. А.Нурманова, Д.Сыздықов

### **Күн тәртібінде мәселе бойынша:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының –«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Б.Байтасов – бөлімше басшысы)

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.

Б.Байтасов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2020 жылда атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Өндірістік бөлімшеге қарасты 13 елді мекен және Талсуат елді мекені маңында орналасқан «Оңалту орталықтары» бар. 11 елді мекен және «Оңалту орталықтары» тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр. Бірқазан елді мекенінде ауыз су құбыры (0,7км) толық болмауына байланысты уақытпен берілуде. Иіркөл елді мекенінде ауыз су құбыры жоқтығына және 17-тұрғын үй ғана болғандықтан 24сағат ауыз су беруге қажеттілік жоқ, сондықтан уақытпен берілуде.

ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың 10 наурыздағы №18-НҚ бұйрығы негізінде филиалдың суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф ҚҚС-мен -377,5 теңге болып бекітілді. 2020-жылдың қорытындысы бойынша Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендерде барлығы.

Абонент саны – 5 547 абонент

Халық саны – 25 568 адам

Заңды тұлға саны - 107 мекеме

Нақты өндірілген су көлемі - 1 092,3 мың м<sup>3</sup>

Сарқынды судың қызметіне тариф 1-текше метр бағасы заңды тұлғалар үшін 257,62тг, жеке тұлғалар үшін 104,40 тг. 2020-жылдың қорытындысы бойынша.

Абонент саны – 369 абонент

Халық саны – 1305 адам

Заңды тұлға саны – 18мекеме

Сарқынды су көлемі - 151 ,6 мың м<sup>3</sup>

Жиналған қаражаты – 34 044, 5 мың тг.

Тұтынушыларды тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ауыз су нысандарына уақытылы күтім жасап және орын алған апаттық жағдайды қалпына келтіруге аға шебер, шебер, слесарь жөндеуші, дәнекерлеуші және жүргізушіден құралған авариялық бригада жұмылдырылған. Авариялық бригаданың жұмыс атқаруы үшін Дизельді электр станциясымен жабдықталған Газ-3309 РТК, Газ-3307 ассенизатор 2-дана, Case-570ST экскаватор-погрузчик арнайы техникалары және Газ-330232 газель фермер көлігі қарастырылған. Елді мекендерде орналасқан насос станциялары 8-дана дизельді электр станциясымен қамтылған.

Филиалмен бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 45 данадан астам д200мм, д150мм, д100мм, д80мм ашып-жабу реттегіш арматураларына (задвижка) ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп қажеттілігіне қарай ауыстырылып отыр.

Абай елді мекенінің ауыз су ұңғымасына ЭЦВ 8-25-100, Қараөзек елді мекенінің ауыз су ұңғымасына ЭЦВ 8-25-70, Талдыарал елді мекенінің ауыз су ұңғымасына ЭЦВ 6-16-75, Талдыарал елді мекенінің кәріз насос станциясына СМ80-50-200/2 насос қондырғылары ауыстырлды.

Ауыз су жүйесінің бойында орнатылған 20 дана өрт сөндіру гидранттарына қажеттілігіне қарай жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Талдыарал елді мекенінде сиймдылығы 50м<sup>3</sup> ауыз су мұнарасы орнатылды.

Электр энергиясын үнемдеу мақсатында Ж.Махамбетов, Қараөзек, Айнакөл, Абай елді мекендерінде және Белкөл кентінде сонымен қатар Талсуат елді мекені маңындағы «Оңалту орталықтарының» II-су көтеру насос станцияларына жиілікті реттегіш (частотный преобразователь) орнатылды.

Ауыз су мұнарасы (Башня) арқылы су таратып отырған I-ші су көтеру насос станцияларына ЭКМ (электроконтактный манометр) орнатып автоматты жүйеге көшірілді.

Өндірістік бөлімшеге қарасты насос станцияларда санитарлық талаптар толықтай сақталып, оң нәтижелі санитарлық эпидемиологиялық (СЭС) қорытындылары алынған. Өндірістік бақылауды қадағалау мақсатында «Ұлттық

Сараптама орталығымен» келісім шартқа сәйкес су сынамаларын өткізіп зертханалық талдау уақытылы жүргізілуде. Көктем және күз мезгілдерінде ауыз су жүйесін жуу-шаю залалсыздандыру жұмыстары атқарылды.

Жұмысшыларға жыл басынан бері жазғы-қысқы арнайы киімдері, қолғаптары, аяқ киімдері және өзге де арнайы киімдер таратылып берілді.

Тұтынушылардың 97% пайызы су өлшегіш құралымен, ал 3% пайызы су өлшегіш құралынсыз ауыз су пайдаланып отыр. 145-тұтынушыға пайдалану уақыты келген су өлшегіш құралдарын ауыстыру жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендерде халық саны артып келеді. Осыған байланысты алдағы уақытта да тұтынушылармен тығыз жұмыс атқарыла береді.

#### **Шығып сөйлегендер:**

Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы, 2020 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.


Л.Жарылқапова-Қызылорда қаласы, Махамбетов ауылының тұрғыны 2020 жылы атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, судың адам өміріндегі маңызды екенін айтып, алғысын білдірді.

#### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>ден-12<sup>00</sup>-ге дейін.

Жиналыс төрағасы:



Қ.Жанжігітов

Хатшысы:



С.Жылмаганбетова

## ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

26 ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың қорытынды бойынша суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Қ.Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

### Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Т.Алданазаров – «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

2. Ж.Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

3. Б.Бегайдаров - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің экономисті.

4. Б.Абибуллаев – Қазалы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы.

5. Н.Байсақалов - «Қазалы Теміржол жылу» МКК-ның бас инженері

6. С.Өтегенов - «ЛСІ-МК» ЖШС басшысы

7. Ә.Ешмуратов - «Қазалы- Су Сервис» ЖШС бас инженері

8. Хатшы – А.Айнадин - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

9. Тұрғындар:

Майлыбас елді мекені Майлыбас көшесі №1 үйдің тұрғыны Мамбетова

Қалампыр, Ақсуат елді мекені Ә.Есмамбетов №3 үйдің тұрғыны Қиятбаева

Ақзибаш, Байқожа елді мекені Байділдаев №7 үйдің тұрғыны Абдирахманов

Жаңабай, Көбек елді мекенінің тұрғыны Бажабаева Шакизада және тағы басқалар.

### Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бойынша 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылдық есебі. (Баяндамашы – Т.Алданазаров – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ.Жанжігітов тыңдауды ашты.

Т.Алданазаров күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімшенің 2020 жылы атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 8 елді мекенді, атап айтқанда: Байқожа, Ақсуат, Еңбекшіқазақ, Майлыбас, Қызыләскер, Көбек, Ойынды, Алтай ауылдарын және Әйтеке би кентіндегі 3 көшесі бойынша тұратын тұрғындарын 17 бюджеттік және 33 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде 36 қызметкер жұмыс жасайды, 2 дана техникасы, 7 су көтеру-тарату бекеті, 5 дана су көтеру ұңғымасы, 91 шақырым бас су құбырлары арқылы тұтынушыларға ауыз су тарату қызметін көрсетуде. 2020 жылдың жоспары бойынша таратылатын ауыз судың көлемі 184,7 мың текше метр болса, нақты 193 мың текше метр таратылды.

2020 жылы магистралды су құбыры бойында су тарату желісі бойында 53 ақау орын алып, қалпына келтірілді. Оның ішінде д-250 мм ПВХ магистральды су құбыры бойында 27 ақаулық жағдай тіркеліп ішкі су құбыры бойында 26 ақаулық жағдай қалпына келтірілді.

Жоспарлы түрде көктем-күз айларында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық магистралды және ішкі су тарату желілеріне, су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

2020 жылға жоспарланған жұмыстар бойынша ішкі су құбыры бойында орнатылған 203 дана көру құдығы, магистральды су құбыры бойындағы 64-дана көру құдығының 64-данасы лай қоқыстарынан тазартылып, су тарату нысандары аумақтарында орнатылған көру құдықтарының беттері цемент растворумен сыланып, барлық 32 –дана өрт сөндіру гидранттарына уақытылы күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Барлық су тарату бекеттерінде ашып –жабу реттегіш арматураларына насос қондырғыларына күтім жасалды. Насос станцияларындағы ғимараттарына кіріп-шығу темір ескі қақпалары, аула сыртындағы қоршауларды түзетіп, әктеу, есік-терезелерін сырлау, дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Барлық жұмысшылар арнайы қыстық жаздық киімдермен қамтамасыз етілді.

### **Шығып сөйлегендер:**

Қ.Жанжігітов— «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы 2020 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде атқарылған жұмыстарды тыңдап оң бағасын бере отырып алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

Тұрғындар атынан: Майлыбас елді мекені Майлыбас көшесі №1 үйдің тұрғыны Мамбетова Қалампыр, Ақсуат елді мекені Ә.Есмамбетов №3 үйдің тұрғыны Қиятбаева Ақзибаш, Байқожа елді мекені Байділдаев №7 үйдің тұрғыны Абдирахманов Жаңабай, Көбек елді мекенінің тұрғыны Бажабаева Шакизада тәулік




бойы ауыз сумен қамтамасыз етілгендігін тілге тиек етіп, 2020 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

**Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне 2020 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup> дең-17<sup>00</sup>-ге дейін.

**Жиналыс төрағасы:**



**Қ.Жанжігітов**

**Хатшы:**



**А.Айнадин**

## ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

23 ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2020 жылдың қорытынды есебін тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су шаруашылық нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы жоспарлы экономикалық бөлімінің басшысы.
2. М.Қабетенов – «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі басшысы.
3. С.Сейдуалиев - кент әкімінің м.у.а.
4. Қ.Сапарбеков - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
6. Т.Сейсенов - Өндірістік бөлімшенің аға шебері.
7. Е.Балтаев – Өндірістік бөлімшенің шебері.
8. Хатшы - Д.Алдибеков инженер-технолог.

Тұрғындар: Ақүйік ауылы тұрғыны Б.Құрықбаев, М.Нәлібаев ауылы тұрғыны С.Сәулебеков, А.Сүгірбаев, О.Оспанов, М.Әбилдаев.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2020 жылғы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

(Баяндамашы – М.Қабетенов - бөлімше басшысы.)

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал СЖКБД филиалына қарасты «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде **22-насос станциясы, 5 дана техника, дана су мұнарасы, 145,13 мың шақырым магистралды су құбырлары, 336 мың шақырым ішкі су тарату құбырлары қанағаттанарлық жағдайда жұмыс жасауда.** Бөлімше **23** елді мекен бойынша **3088** үйде тұратын **17 479 мың** адамға, **51** бюджеттік және **25** заңды мекемелерге **58** жұмысшы қызметкер ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

**2020** жылы «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі жоспар бойынша **271,4 мың** текше метр, таратылған су көлемі **274,5 мың** текше метрді құрады.

2020 жыл бойынша алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар: Жаңарық және М.Нәлібаев елді мекендеріндегі насос станция ғимараттарының төбе жабыны толықтай ауыстырылды.

Жалпы өндірістік бөлімше бойынша жылына екі мәрте су жүйесін және су сақтау қоймаларын жоспарлы жуу-шаю жұмыстары жүргізіледі. Одан бөлек аудандық ұлттық сараптама орталығымен жүргізілген келісім шарт негізінде ай сайын су сынамалары алынып тексеріліп отырады. Тексеріс барысында бактералогиялық анализден мемлекеттік стандартқа сай келмеу анықталған жағдайда арнайы комиссия құрылып жоспардан тыс дезинфекциялау жұмыстары жүргізіліп су сынамасы қайта алынады. Алайда осы күнге дейін ондай жағдайлар орын алған жоқ.

1. Тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында барлық елді мекендерге су мұнарасы арқылы беру. Бас тоғаннан 2020 жылы Сыр бойындағы жалпы 13 елді мекенге ауыз суды халықтың пайдалануына беріп, халықтың келісімімен белгілі уақытпен берілуде.

2. Өндірістік бөлімше бойынша барлық насос станцияларындағы ішкі және сыртқы жарық шамдарын күтіп баптау, жарамсыз материалдарын ауыстыру шаралары алдын ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес уақытылы жүргізілуде. 2020 жылдың электр энергиясы шығыны 88,5 кВт құрап, жалпы соммасы **14 047,5 мың** теңге қаражат жұмсалды. Электр энергиясы үнемдеу мақсатында насостардың қоймаға жинайтын және халыққа таратылатын су көлемін есептеп нормадан тыс судың жиналуын қадағалап отырамыз.

3. Өрт қауіпсіздіктерінің еңбек қауіпсіздік журналдары әр тоқсан сайын толтырылып, еңбек қауіпсіздік шаралары жұмысшыларға түсіндірме жұмыстар жүргізіліп отырады.

**Қорыта келе өндірістік бөлімше бойынша 2020 жылы атқарылғын және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет.**

#### *Сөз алғандар:*

- **Ақүйік ауылы тұрғыны Б. Құрықбаев.** Талап бойындағы елді мекендерге жаңадан жүргізілген су жүйелерімен халықты қай уақытта қамтамасыз ететіндігі жайлы сұрады.

- **М.Қабетенов** – Қазіргі таңда Бірлік, Қосүйеңкі, Аққұм, Бесарық, Кенес ауылдарындағы құрылыс жұмыстары толық аяқталған жоқ. Мамыр айында барлық елді мекендерге ауыз су қосу жоспарланып отыр.

- **М.Нәлібаев ауыл тұрғыны С. Сәулебеков.** Ауылға берілетін ауыз судың уақытын ұзарту жайлы сұрады.


- **М.Қабетенов** – 4 елді мекеннің ауыз су беру уақытын наурыз айынан бастап көбейтуді жоспарлап отырмыз.

**Қорытынды:**

«Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылғы атқарылған жұмыстарына «қанағаттандырарлық» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>нан-17<sup>00</sup>-ге дейін.

**Жиналыс төрағасы:**



**Қ.Жанжігітов**

**Хатшы:**



**Д.Алдибеков**

## ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Жалағаш кенті

24 ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

### Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. М.Елеусинов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.
4. Б. Бегайдаров - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің экономисті.
5. Б.Дүйсенбиев – Жалағаш кентінің әкімінің орынбасары.
6. А. Момынтаев - Жалағаш аудандық тұрғын үй коммуналдық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің маманы.
7. Г. Дандибаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
8. А. Мергенова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
9. Қ. Жапбасбаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер – механигі.
10. Хатшы – А. Омарова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

11.Тұрғындар: Жалағаш кентінің тұрғындары Б.Балымбетов, М.Умбетов, А.Пак, А.Молдабаева, А.Ахметова А.Ермағамбетов, Р.Алмағамбетов, Ө.Тұрманов, С.Омаров, Е.Жұмағұл, А.Сапи. Нағыметуллаева Бақыткүл С.Сәулебеков,А.Сүгірбаев, О.Оспанов, М.Әбилдаев

### Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – М.Елеусинов– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.

М.Елеусинов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2020 жылда атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

### Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер

**М.Елеусинов** - «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бастығы.

Қазіргі таңда, бөлімше тарапынан атқарылған жұмыстар нәтижесінде, аудан бойынша ауыз су тұтынушыларына 24 сағат үздіксіз су берілуде.

Атап айтқанда, «Жалағаш өндірістік бөлімшесі» **2020** жылы **1 549,1 мың м3** ауыз су қабылдап, **1 324,7 мың м3** ауыз суды тұтынушыларға таратылды. **2020** жылға бекітілген жоспар бойынша **792,8 мың м3** су халыққа таратылу қажет болса, нақты **821,9 мың м3** ауыз судың ақшасы жиналып, пайыздық көрсеткіш жоспарға сәйкес **4%** орын алып отыр. Өндірген ауыз судың нормадан шамадан тыс асуы жаз айларында болып отыр. Жаз айларында ауыз су пайдалану көлемі 4-5 есеге артады.

Мысалға; қаңтар айында **45 мың м3** көлемінде су таратылса, мамыр айында **185 мың м3** үстіне шығып отыр. Үстіміздегі 2021 жылдың аяғына дейін аудан тұрғындарын толық ауыз есептегіш құралымен пайдалану көрсеткішіне қол жеткізу жоспарын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Осы жұмыстарды атқаруға Сіздердің тараптарыңыздан қолдау беретініңіздерге сенім білдіремін.

Атқарылған жұмыстар бойынша, өндірістік бөлімше тарапынан Жалағаш кенті бойынша үздіксіз ауыз су тарату жұмыстарын іске асыруға 2020 жылы жалпы сомасы 450,4 мың теңгеге Мысық би насос стансасының техникалық құбырларына алдын-ала жөндеу жұмыстары толықтай жүргізіліп, аяқталды.

Өздеріңізге де белгілі болғандай, бірнеше жыл бойына Н.Мырзалиев көшесі бойындағы ескі су айдау насос стансасы кент орталығының келбетіне нұқсан келтіріп тұрғандықтан, бөлімше жұмысшыларының өз күшімен төбесін шатырлау, сыртқы қабырғаларын сылау, әктеу, ауласын қоршау және Таң елді мекенінің II-су тарату насос стансасын шатырлау жұмыстары өз деңгейінде атқарылып, толық аяқталды.

Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесінің бойындағы d-110 мм ауыз су құбыры кезінде мердігерлер тарапынан сапасыз материал пайдаланғандықтан, ауыз су қысымына шыдамай жарылып кету жағдайлары жиі орын алатын.

Сол себептен, өз күшімізбен 328 м d-110 мм су құбыры жаңадан ауыстырылып, толық пайдалануға берілді.

Алдағы уақыттың жоспары бойынша, кент орталығындағы әкімшілік ғимаратын, Таң және Мәдениет елді мекендеріндегі насос ғимараттарын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жұмыстар атқарылатын болады.

### Шығып сөйлегендер:

Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.


2020 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын және алдағы уақытта да жасалатын тиісті жұмыстар бар екендігін айта келе табыс тіледі. Өз пікірін білдіру үшін сөз алған Жалағаш кенті, Нысанбай жырау көшесінің тұрғыны Р.Алмағанбетов үйіне су есептеуіш құралын орнатқаннан кейінгі тиімділігін айта келе, тұрғындарға жаппай су есептегіш құралын орнатып алу қажеттілігін жеткізді.

### Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>ден-17<sup>00</sup>-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Қ. Жанжігітов

Хатшы:



А.Омарова

## ХАТТАМА

Сырдария ауданы

24» ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Д.Нурсейтов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.
4. Тереңөзек кентінің әкімі - Н.Бисенбаев
5. Ардагерлер кеңесінің төрағасы- Х.Әбенев
6. Р.Құдайбергенова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - экономисті.
7. Н.Сейтасанов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
8. Ө.Әмзе - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер – механигі.
9. Хатшы – А.Құрақбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Сырдария ауданының тұрғындары Н.Оразбеков, З.Жүсіпбайұлы, Сәрсенбай.М, Ж.Нақып, Д.Шалабаева тағы басқалар.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.



«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Д.Нурсейтов – бөлімше басшысының орынбасары)

Сырдария өндірістік бөлімшесі 2020 жылдың қорытындысы бойынша **971,122 мың** текше метр су көлемі өндіріліп, **830,960 мың** текше метр ауыз суды тұтынушыларға таратылды. 2020 жылға су шығынын азайту үшін Шаған, Шіркейлі, Тереңөзек елді мекендерінде тұтынушыларға және ауыз су кешендеріне су есептегіш құрал аспабын орнату жұмыстары жүргізілуде.

Кәріз саласы бойынша 2020 жылдың жоспары бойынша халыққа **8,150 мың** текше метр, нақты орындалғаны **13,518 мың** текше метр, жоспары бойынша заңды тұлғаларға **18,294** мың текше метр қаралса, нақты орындалғаны заңды тұлғаларға **18,192** мың текше метр құрады. Жалпы 2020 жылы **31,7 мың** текше метр лас су шығарылды.

Барлық елді мекендер насос станциясы ғимараттарын әктеу әрлеу, сылау және сырлау жұмыстары атқарылды. Барлық елді мекендердегі орталық насос станцияларындағы таза су қоймаларын көктемгі-күзгі жоспарлы тазалау, жуу-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

2020 жылдың жазғы кезеңде **24** сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін әзірленген іс-шара жоспары орындалып Тереңөзек кенті Қызылдихан көшесі, №15 және Шаған елді мекені, Әділ Атақаев көшесі, №5 мекен жайда орналасқан пайдаланылмай тұрған ұнғымаларды жер асты құбырларын ауыстырып мұнараға қосу жұмыстары жүргізілді. 2020 жылдың 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 16 дана ЭЦВ насос қондырғысы орталық қоймадан алынып толығымен орнатылды.

Ақпан айында Тереңөзек кенті және елді мекендердегі ұнғымаларға жер асты суын тазарту жұмыстары (откачка) жасалыну барысында инженер гидрогеолог маманының шешімімен Тереңөзек кенті №4, Сәкен Сейфуллин және Іңкәрдария елді мекені насос станцияларындағы ұнғымалардағы су деңгейі (дебит) аз болуына байланысты, су айдап тұрған ЭЦВ насос қондырғысы алынып – 3 дана жаңадан ЭЦВ насос қондырғылары салынды.

Тереңөзек кенті Қызылдихан көшесі, №15 және Шаған елді мекені, Әділ Атақаев көшесі, №5 мекен жайда орналасқан пайдаланылмай тұрған ұнғымаларға – 2 дана жаңадан ЭЦВ насос қондырғылары салынды.

Тозығы жетіп істен шығуына байланысты - 11 дана жаңадан ЭЦВ насос қондырғылары салынды.

«Сырдария аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ-нің тапсырысымен Қызылорда облысы Сырдария ауданы Жетікөл елді мекенінің тұрғын үйлеріне су құбырын жеткізу желілерінің құрылысы арқылы сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту жұмыстары жүргізіліп, 2020 жылдың желтоқсан айында мердігер мекемесі жаңадан **25** текше метр ауыз су мұнарасын тұрғызып, I-ші, II-ші су көтеру насос станциялары толығымен күрделі

жөндеу жұмыстарымен жаңадан күзет орны және КТПН электр қондырғысы орнатылып, толық электр желісімен жабдықталды.

2020 жылда **393** апаттық жағдай тіркеліп, оның **176** ішкі су құбыры, **63** данасы көру құдығы ішінен, **72** данасы су мұнарасы, **20** дана КНС, **37** дана насос қондырғылары және **25** дана электр құрылғылары.

Аудан бойынша Теренөзек кенті және 13 елді мекеніндегі барлығы 21 көшелерде ауыз су құбырлары тозығы жетіп, ақаулар жиі пайда болуда. Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендердегі көру құдықтарындағы фасон бөліктері шіріп, тозығы жеткен. Сондықтан ауыстыруды қажет етеді.

Інкәрдария елді мекеніндегі насос станциясындағы ұңғыма жалғыз жұмыс жасап тұрғандықтан, қосымша ұңғыма қазылу қажет және Теренөзек кентіне жаз айларында су жетіспеуіне байланысты №1 насос станциясы ауласына 1 дана ұңғыма қаздыру қажет етеді. Шаған елді мекеніндегі Есентемір ауылындағы №2 насос станциясына тағы 1 ұңғыма қаздыру қажет етеді.

2020 жылы күрделі жөндеу жұмыстарына кент және елді мекендерде бірнеше көшелер қарастырылған. Теренөзек кентінде №5 насос станциясына өз күшімізбен қоршау жұмыстары жасалынауда және Шаған елді мекенінде Ә.Атақаев көшесіндегі ауыз су кешенінде су мұнарасы, қоршау бағаналары мен қақпа орнату жұмыстары өз күшімізбен жасалуда.

Сырдария ауданының өндірістік бөлімшесіне қарасты елді мекендерінде 2020 жылдың желтоқсан айына дейінгі 37 дана насос қондырғылары, 25 дана электр құрылғылары апаттық жағдай тіркелді. Атап айтқанда, 17 дана ЭЦВ насостары күйіп, істен шықты. 3 дана ЭЦВ гидрогеологтардың нұсқауымен С. Сейфуллин, Інкәрдария және Н. Ильясов ауылдарында құм айдап кетуіне байланысты ауыстырылды. 2 дана ЭЦВ жаңадан жазғы маусымдарда үздіксіз ауыз сумен халықты қамтамасыз ету үшін Теренөзек кентіне және Шаған елді мекеніне салынды. 15 дана су тарту ГНОМ электр насостары істен шықты. Аудан аумағына қарасты елді мекендерде әр түрлі электр қондырғыларын 25 дана апаттық жағдайлар тіркелді. Теренөзек кентінде орналасқан кәріз жүйесінің № 1,2,3,4,5 кәріз су айдап тұрған двигателдердің обмоткасы күйіп қалаға жөндеуге жіберілді. 2 дана 11 квт, 1 дана 7,5 квт, 1 дана 30квт, 1 дана 37 квт обмоткасы оралып, жөндеуден келді. № 5 кәріз жүйесінде № 90 КТПН 160 кВА трансформаторы күйіп істен шықты. Ақауды орнына келтіру үшін жаңадан 100 кВА трансформатор салынды. Теренөзек кентінде 2015 жылдан бері жұмыс жасап келіп жатқан кәріз жүйесінде СМ насостарының тозығы жетіп, 2020 жылы орталық қоймадан 5 дана СМ насостары беріліп, қазіргі таңда №2,3,5 кәріз жүйесінде насостары ауыстырылып, қалған СМ насостары 2021 жылдың көктем айларына жоспарлап отырмыз. Жетікөл елді мекенінде № 1,2 су көтеру насос станциялары және күзет орыны күрделі жөндеу жұмыстары жаңадан автомат кабелдерінің және КТПН электр қондырғысы орнатылып, толық ішкі және сыртқы жарықтандырылып, электр желісімен жабдықталды. Жылдың басында Інкәрдария, Шаған, Н.Ильясов, Шіркейлі, А. Тоқмағанбетов және Қалжан- Ахун ауылдарында, Теренөзек кенті Б. Момышұлы көшесінде №5 насос станцияларында басқару қорабшасының ұңғыманың су тарту насосының қорғау СУЗ 25 Родник электр қондырғысы 7 данасы жаңадан ауыстырылды. Бізде электр тоғы АО «КРЭК» мекемесінде апаттық

жағдайлар болғанда сол себептерден қорғау үшін 20 дана Родник электр қондырғыларын қондыру қажет етеді. Алдағы уақыттарда Теренөзек кенті Б. Момышұлы көшесінде № 5 насос станциясына жаңадан өз алдына электр желісі тартылып КТПН 40 кВА трансформаторын қоюға және сыртқы жарығын жарықтандыруға жұмыс жүргізілуде.

#### **Механизация.**

Күнделікті жұмыс барысында жанар-жағар майды үнемдеу мақсатында әрбір көлік құралының жүрген жолы барған жұмысы жол қағазына толтырылып нормаға сәйкес есептеліп отырады және күнделікті диспетчер арқылы Қызылорда қаласына ақпар жіберіледі.

#### **Сөз алғандар:**

Тұрғандар арасынан Н.Оразбеков, М.Сәрсенбай - Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімше 2020 жылы ауданда біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

#### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>дан-12<sup>00</sup>-ға дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**

 **Қ. Жанжігітов**

**Хатшы:**

**А.Құрақбаева**

## Х А Т Т А М А

**Төретам кенті**

**22 ақпан 2021 жыл.**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2020 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Басбаев - Өндірістік бөлімше басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Д.Шакеева - Төретам кенті әкімінің орынбасары.
4. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.
5. Ш.Анарбеков - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
6. Г.Суюбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушы.
7. Г.Телжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі

Тұрғындар: Төретам кентінің тұрғыны С.Аралбаев, Қ.Кимбаев және Ақай ауылының тұрғындары А.Жақсыбеков, Д.Бектаев және тағыда басқада кент тұрғандары.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Ж.Басбаев –бөлімше басшысы)

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті бөлімше басшысы Ж.Басбаев тындауды ашты.

Ж.Басбаев күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың 1-қаңтарынан мен 31 желтоқсанға дейінгі кезеңіндегі атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады. «Төретам кенті және Ақай ауылдық округін ОСЖЖП» өндірістік бөлімшесі 2018 жылы құрылып, қазіргі таңда **24** қызметкер-жұмысшылар жұмыс жасайды, **5** техника, **2** насос станциясы жалпы **2915** абонентке оған қоса **18** бюджеттік мекеме және **84** өзге мекемелерге 24 сағат ауыз су тарату қызметін көрсетеді. Атап айтар болсақ, Төретам кенті бойынша **1725** абонент, халық саны – **11780** адам, Ақай елді мекені бойынша **1190** абонент, халық саны – **5500** адамды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін атқарып келеміз. ГУП ПО «Горводоканал» мекемесінен ауыз суды 163,27 теңгеден беріледі. ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың 10 наурыздағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде филиалдың суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф ҚҚС-мен - 377,5 теңге болып бекітілген, ал жеке абоненттер 30,40 теңгеден төлейді. Жалпы 2020 жылы жоспар бойынша берілетін судың көлемі **450 000 м<sup>3</sup>** болатын. 1 жыл көлемінде Төретам кенті және Ақай ауылдық округі бойынша абоненттерге таратылған ауыз су көлемі **463 630 м<sup>3</sup>** болып, таратылған ауыз судың қаражаты толықтай жиналды. Су шығыны жоқ.

Алдын ала жөндеу жұмыстары (ППР) бойынша бекітілген жоспарға сәйкес барлық жұмыстар орындалды. Өндірістік қажеттілікке байланысты шикізат материалдар, қосалқы бөлшектер және жанар-жағар май жұмсалды. Алдын ала жөндеу жұмыстары бойынша Төретам кентінің Омаров, Түктібаев, Молдағұлова, Байсейітова, Мұқанов, Мұратбаев көшелерінің бойындағы су құбырларының 11 дана ашып-жабу арматуралары (задвижка), Төретам кентінің 5 көшесіндегі және Ақай ауылының 6 көшесінің бойындағы көру құдықтарының 14 темір бөлігі (фасонный часть) ауыстырылды. 118 көру құдықтары тазартылып, 28 дана көру құдығына листпен қақпақтар орнатылды. Қазіргі таңда Төретам кентінде 63 дана, Ақай елді мекенінде – 65 дана өрт сөндіру гидранты жарамды. Жыл бойына орын алған апаттық жағдайлар қалпына келтірілді.

Бөлімшеге қарасты техникаларға ТО-1, ТО-2 күтімдері уақыты жасалып, жұмысшылар да арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Алдағы уақытта жоспарға қойылған жұмыстар көше бойындағы көру құдықтарына зауыттық қақпақтар мен листпен қақпақ жасап қымтап жабу көзделіп отыр. Көше бойындағы көру құдықтарының темір-бетонды қақпақтарын жер деңгейінен көтеру, тазарту жұмыстары әлі күнге дейін жалғасуда. Төретам және Ақай елді мекені насос станциялары көркейту-көгалдандыру жұмыстары бойынша талдар мен гүлдер егіліп, ғимараттар әктеліп, ауланың шөптері шабылып жалпы тазалық

жұмыстары жүргізілуде. Көктем айларында Төретам кенті насос станция ауласындағы көлемі 1000 м<sup>3</sup> су сақтау қоймасын және Ақай елді мекені насос станциясы ауласындағы көлемі 500м<sup>3</sup> су сақтау қоймасы мен 50 м<sup>3</sup> су мұнарасын жуу-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Елімізде болып жатқан пандемияға байланысты Насос станцияның барлық ғимараттарына дезинфекция жұмыстары жүргізіліп, тиісті қызметкерлерге қорғаныс құралдары таратылды.

2021 жылға Төретам кенті бойынша асфальттанатын көшелердің қақпақтарын асфальт деңгейін теңестіру, тозығы жетіп тұрған фасон бөліктерін ауыстыру және Төретам кенті Молдағұлова, Түктібаев, Қорқыт ата және Ақай ауылы Сәтбаев көшелерінің су құбырын қазып қайта жүргізіп, көру құдықтарын орнатып, абоненттерді қайта қосу жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыстардың барлығы филиалдың өз қаражаты арқылы жүргізілетін болады.

Өндірістік бөлімшедегі жұмысшылар жаздық-қыстық арнаулы киімдерімен қамтамасыз етілді.

#### **Шығып сөйлегендер:**


Төретам кенті ақсақалдар алқасының төрағасы С.Аралбаев: - Бүгінгі өндірістік бөлімше басшысы Ж.Басбаевтың жылдық есебіне «өте жақсы» деген баға береміз. Ұжымның ауызбіршілігінің арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Бұрынғы жағдаймен салыстырғанда және басқа облыс аумақтарын көргенде шүкіршілік дейміз. Суымыз 24 сағат ағып тұр, апаттық орын алған жағдайда жұмысшылардың демалыс, күн-түн демей жұмыс жасап жүрген жұмысшыларға алғысымыз шексіз. Халықтың игілігі жолында жұмыс жасап жүрген ұжымға он бағасын бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Рахмет!

Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы 2020 жылы атқарылған есепті тындауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі. Қорытынды.

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2020 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «өте жақсы» деген баға берілді.


Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін.

Тындаудың төрағасы:




Қ. Жанжігітов

Экономика-жоспарлау бөлімінің басшысы:



Ж. Сейтпенбетова

Хатшы:



Г.Телжанова

## ХАТТАМА

Қармақшы ауданы

22 ақпан 2021 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2020 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Қ. Төлепов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы.
3. А. Қасымханов – Жосалы кентінің әкімінің орынбасары.
5. А. Пірманова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - экономисті.
6. Ғ. Жарасов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
4. Қ. Ақжігітов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер – механигі.
8. Хатшы - Ғ. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Қармақшы ауылының тұрғыны Ә. Қаражігітов, Ақтөбе ауылының тұрғыны М. Әйткенов, тағы басқалар.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2020 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Қ. Төлепов – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.

Қ. Төлепов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2020 жылда атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

- «Нұра топтық су құбыры», «Арал» СЖКБД филиалының «Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2020 жылғы нақты өндірген ауыз су көлемі 228 239 м<sup>3</sup> және таратылған ауыз су көлемі 195 341 м<sup>3</sup> құрады.

Өндірістік бөлімшеге қарасты елді – мекендерде барлығы 60 заңды тұлға және 1606 жеке тұлға тұтынушылар бар.

Филиал басшысымен 2020 жылға бекітілген жоспарлы алдын – ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 7 елді – мекен бойынша 40 данаға жуық d-150, d-100, d-80 мм ашып-жабу реттегіш арматураларына (задвижка) ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Тұрмағамбет е.м № 6 ұңғымаға ЭЦВ6-10-110 және Көмекбаев е.м №10 ұңғымаға ЭЦВ8-25-100 насос агрегаттары ауыстырылды.

Су айдау насостарының жұмыс жасау режимін тексеру айына 4 рет жүргізіледі.

Насос станцияларындағы ғимараттар мен ұңғыма павильондарының сылағы түскен жерлерін сылау, әктеу, есік – терезелерін сырлау, қымтау және күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Филиалдан бөлінген ППЛ (полимерный – песчаный люк) қақпақтары су жүйелеріндегі көру құдықтарына орнатылып, цементтеп қымталды. Өндірістік бөлімшеге қарасты Ақжар, Тұрмағамбет және Қуандария елді – мекендерінің су жүйелеріндегі d-2000мм болатын көру құдықтарының үгітіліп, тозығы жетіп жарамсыз күйге жеткен КЦП қақпақтары арнайы техниканың көмегімен алынып, орнына жаңадан КЦП қақпақтары құйылып орнатылды. Атап айтқанда: Ақжар елді-мекенінің су жүйесіне – 4 дана, Тұрмағамбетке – 1 дана, Қуандария – 1 дана.

Ақтөбе елді мекеніндегі II-су көтеру насос станциясы ғимараты мен трансформаторлы подстанция ғимараттарының төбесін профнастилмен шатыр жабу жұмыстары жүргізілді.

2020 жылы Қуандария, Ақтөбе, Тұрмағамбет және Ақжар елді мекендері бойынша 15 данаға жуық өрт гидрантының тұғыры жөнделді. Өрт гидрантын тұғырымен бірге көру құдығынан шығарып, шіріп, темірі жұқарып, тот басып тозығы жеткен тұғырларын стальной листпен дәнекерлеу, шіріген d-100мм, d-150мм, d-200мм құбырларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Елді – мекендердің орталықтандырылған ауыз су жүйесін насос станцияларындағы таза су қоймалары мен су көтеру мұнаралары арқылы жоспарлы жуу, шаю-залалсыздандыру жұмыстары көктем және күз мезгілдерінде өз деңгейінде жүргізілді. Залалсыздандыру жұмыстарынан кейін және ай сайын «Ұлттық сараптама орталығы» мамандары су сынамаларын алып, тиісті хаттамалары жасалды. Сынама алу барысында сәйкессіздіктер табылған жағдайда, жоспардан тыс жуу-шаю жұмыстары дер кезінде жүргізілуде.



Халықты 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бөлімшенің 2 авриялық бригадасы, шеберлер, слесарь-жөндеушілер, насос станция машинисттері су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды арнайы техникалардың көмегімен және өз күшімен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізе отырып, жыл басында бекітілген Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес ашып-жабу реттегіш арматураларына, кері қайтарма клапандарға, су көтеру мұнараларына, насос агрегаттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізді.

Барлық насос станциялар мен әкімшілік ғимаратта санитарлық талаптар сақталуда. Насос станцияларының ішін күнделікті тазалау, хлор қоспасымен едендерін жуу, технологиялық құбырларды, ашып-жабу реттегіш арматураларын сүртіп, таза ұстап пайдалану жұмыстары жүргізілуде. Аула ішіндегі шөптер шабылып, сыртқа шығарылды.

Жұмысшыларға жыл басынан бері жазғы – қысқы арнайы киімдері, қолғаптары, дәнекерлеушінің арнайы киімі, краги, щиток және өзге де арнайы киімдері таратылды.

#### **Шығып сөйлегендер:**

Қ. Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы 2020 жылы атқарылған есепті тындауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

#### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2020 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>ден-12<sup>00</sup>-ге дейін.

Тындаудың төрағасы:



Қ. Жанжігітов

Экономика-жоспарлау бөлімінің басшысы:



Ж. Сейтпенбетова

Хатшы:



Ғ. Есжанова